

«Қоңыр әулие» үңгірі туралы

Жасыбай көлінің оңтүстік-батысында 12 шақырым қашықтықта сұлу Баянаула өңірінің ғажайып ескерткіші саналатын «Қоңыр әулие» үңгірі бар. Мұнда осы жолдардың авторы үш рет болған еді. Бұрын осы үңгірде Бұқар Жырау, Шоқан Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп, Г. Н. Потанин, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, т. б. атақты адамдар болыпты. Кейінгі жылдардың жаз айларында аталмыш үңгірді тамашалауға әр жерлерден жүздеген адамдар келеді екен. Солардың ішінде Қытайдан, Моңғолиядан, Еуропа мемлекеттері мен АҚШ-тан келетін туристер де бар. Бұл үңгірге Қазақстан Республикасының кейбір басшы төрелері, белгілі жазушылары мен ғалымдары да келіп-кетіп тұрады.

Жалпы көпшілік жұрт бұл Үңгірді ертеден қасиетті де киелі орынға санайды, Үңгірге келіп түнеген адамдардың шын пейілді тілеулеріне орай былайғы жұрттың айтуынша кейін олардың ұлсыздары ұлды болып, сырқаттылары айығып кетеді екен. Бұл турасында Баянаула өңірінің талантты ақын қызы Ләззат Жүнісбекова өзінің өлеңінде:

*Ем алған сырқаттанған мұнда түсіп,
Алдынан жадыратқан самал есіп,
Бір түрлі әсер алып оралған жұрт,
Тас қазан ішіндегі судан ішіп.
Көкірек көзі сонда ашылады,
Көңілдің шіркін қандай тасығаны.
Ел-жұрттың күні бойы шаршағаны,
Үңгірден шыққан кезде басылады, — деп жырлайды.*

«Қоңыр әулие» үңгірі туралы көптеген аңыз-өңгімелер бар. Мысалы, бүкіләлемдік су тасқыны кезінде ағайынды үш көріпкел Құлан, Қыран, Қоңыр есімді әулиелерге Нұх пайғамбардың кемесінен орын болмай қалады. Сонда үш әулие кемеге тіркелген үш бөренеге жайғасады. Жол-жөнекей Қоңырдың ағалары әртүрлі себептермен кемеден қалып қояды. Содан кейін су азайып, тау мен қыраттар көріне бастағанда

Қоңыр әулие бөренеден босап, аталмыш үңгірді мекендепті. Осыған байланысты Үңгір оның есімімен аталып кетіпті-мыс. «Қоңыр әулие» үңгірі жайында Мәшһүр Жүсіптің 2013 жылы Павлодарда шыққан шғармаларының 6-шы томының 252 бетінде де азғана аңыз-деректер жазылған.

«Қоңыр әулие» атты үңгір Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыс тауында да бар. Бұл үңгір жөнінде де қызықты аңыз-өңгімелер баршылық.

Енді Баянауладағы «Қоңыр әулие» үңгірінің ішкі құрылысы жайында сөз қозғап көрелік. Үңгірге кіреберістің қалпы (формасы) күмбез тәрізді, оның едені бойынша ені 1, 8 метр, биіктігі 2, 5 м. Үңгір біріне бірі жалғасқан үш бөлмеден тұрады деп айтылып жүр. Бірінші бөлме – гибадатхана, ұзындығы 12 метр; екінші бөлме – жатын, ұзындығы 7 метр; үшінші бөлме – қазандық, ұзындығы 1, 5 метр. Үңгірдегі алдыңғы екі бөлменің төбесі бірыңғай күмбез тәрізді болып келген. Ал бұл бөлмелердің ені мен биіктігі Үңгірге кіреберістегі шамалармен мөлшерлес. Қазандық бөлмесінің едені жатынның еденінен 0, 7 метр жоғары, төбесі күмбез тәрізді (сопақша), ал оның ені мен биіктігі жатын бөлменің мөлшерлерінен шамалылау. Бұл бөлменің еденінде қазанға ұқсас тереңдігі 0, 3 метрдей шұқыршақ бар. Мұнда аздаған су болады. Айтпақшы, тас қазанға су қайдан келеді? Оны былайша түсіндіруге болады. Үңгірге сырттан кірген жылы ауа қазандық бөлмеге жеткенде суып, конденсация заңдылығымен суға айналады.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев 2009 жылы Астанада «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен басылып шыққан «Баянаула» деген кітабының 73-бетінде: «Қоңыр әулиенің жоғарғы жағында екінші қабаты бар сияқты, арнайы саты болмаса оған көтерілу қиын. Ертеде кеңестік жүйе тарапынан сан рет қуғын-сүргін болғанда Мағзұм уана, Сағымбек дуана сияқты Қоңыр әулиенің шырақшылары Үңгірдің жоғарғы жағындағы бөлмешеге шығып

кететінін айтады жергілікті қариялар», — деп жазады. Осы жолдардың авторы 2013 жылдың шілде айында «Қоңыр әулие» үңгіріне барғанда үңгір төбесінің шамамен орта шені тұсында күншығыс жаққа бағытталған кісі сиятындай үңгір барын байқаған-ды. Оның ішіне арнайы құрылғының көмегімен кісінің сатымен көтеріліп кіруі неғайбіл. Келешекте «Қоңыр әулие» үңгірінің жоғарғы жағында екінші қабаты бары туралы қауесет сөздерді жиып-теріп жаза бермей, оның бар-жоғын арнайы дайындықпен тексерген жөн.

«Қоңыр әулие» үңгіріне соңғы барғанда оның іші-сыртын жан-жақты екі сағаттай саралап тексеріп, оның табиғаттың таңғажайып туындысы еместігіне көз жетті. Атап айтқанда, Үңгір біздің заманға дейінгі дәуірдің алыс заманында өмір сүрген адамдардың қолдарымен жасалған немесе оны басқа ғаламшардан келген тіршілік иелері жасап кеткен.

Үңгірдегі тас қазанға қолымды тигізіп, оны сипалап көргенімде байқағаным: қазаншаға ұқсас ойық адамның қолымен өңделіп жасалған деуге болады. Бәлкім, мұндағы судың емдік қасиеті де бар шығар. Оны да анықтау керек. Дәл осы үңгірдегі адам қолдарымен өңделіп жасалған қазанға ұқсас шұқыршалар Еуропа, Азия және Америка материктеріндегі үңгірлерде де бары белгілі.

Етектен үңгірге дейін көтерілу үшін қабығы аршылған сырғауылдар мен ағаш тақтайдан ұқыпсыз сәкілер жасалған. Оның ұзындығы 110 метр шамасында, сәкілермен 10-15 метр көтерілгеннен кейін дем алуға арналған аялдамалар бар. Бүгінде мұндағы сәкілердің тозығы жеткен сияқты. Кейбір тақтайлар сынуға жақын, сондықтан алдағы ЭКСПО-17 ашылғанша үңгірге көтерілетін қазіргі сәкілерді техникалық жобамен жаңарту керектігін облыстың туризм басшыларын құлақтандырған артық болмас.

Серік Жақсыбаев, Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, кен инженері